

"Бағалардың ең төменгі деңгейі қолданылатын жекелеген тауар түрлерінің Тізбесін, сондай-ақ бағалардың ең төменгі деңгейін айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республика Қаржы министрінің міндетін атқарушының 2025 жылғы 31 қазандағы № 658 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2026 жылғы 18 маусымдағы № 414 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 22 маусымда № 39021 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Бағалардың ең төменгі деңгейі қолданылатын жекелеген тауар түрлерінің тізбесін, сондай-ақ бағалардың ең төменгі деңгейін айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республика Қаржы министрінің міндетін атқарушының 2025 жылғы 31 қазандағы № 658 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 37326 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бағалардың ең төменгі деңгейі қолданылатын жекелеген тауар түрлерінің тізбесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

М. Такиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Сауда және интеграция министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2026 жылғы 18 маусымдағы
№ 414 бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
міндетін атқарушының
2025 жылғы 31 қазандағы
№ 658 бұйрығына
1-қосымша

Бағалардың ең төменгі деңгейі қолданылатын жекелеген тауар түрлерінің тізбесі

№	Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының коды*	Тауардың атауы
1-бөлім. Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін тауарлар		
1.	0401 20 110 9	Қант немесе басқа да тәттілендіргіштер қосылмаған, қоюландырылмаған сүт пен кілегей, майлылығы 1 мас.%-дан жоғары, бірақ 3 мас.%-дан аспайтын, бастапқы қаптамадағы таза көлемі 2 литрден аспайтын, өзгелері
2.	0403 20 110 0	құрамында май мөлшері 3 мас.%-дан аспайтын осы топқа 2-ескертпеде көрсетілген ингредиенттері жоқ йогурт
		осы топқа 2-ескертпеде көрсетілген ингредиенттері жоқ,

3.	0403 20 130 0	құрамында май мөлшері 3 мас.%-дан асатын йогурт, бірақ 6 мас.%-дан аспайды
4.	0403 20 190 0	осы топқа 2-ескертпеде көрсетілген ингредиенттері жоқ, құрамында майы 6 мас.%-дан асатын йогурт
5.	0403 20 310 0	қант немесе басқа да тәттілендіргіш заттар қосылған, бірақ осы топқа 2-ескертпеде көрсетілген өзге ингредиенттері жоқ, құрамында майы 3 мас.%-дан аспайтын йогурт
6.	0403 20 330 0	қант немесе басқа да тәттілендіргіш заттар қосылған, бірақ осы топқа 2-ескертпеде көрсетілген басқа ингредиенттері жоқ, құрамында майы 3 мас.%-дан асатын йогурт, бірақ 6 мас.%-дан аспайды
7.	0403 20 390 0	қант немесе басқа да тәттілендіргіш заттар қосылған, бірақ осы топқа 2-ескертпеде көрсетілген басқа ингредиенттері жоқ, құрамында майы 6 мас.%-дан асатын йогурт
8.	0403 20 510 0	хош иісті-хош иісті қоспалары бар немесе жеміс-жидек, жаңғақ немесе какао қосылған, ұнтақ, түйіршіктер немесе басқа да қатты түрдегі, құрамында сүтті майы 1,5 мас.%-дан аспайтын йогурттар
9.	0403 20 530 0	хош иісті-хош иісті қоспалары бар немесе жемістер, жаңғақтар немесе какао қосылған, ұнтақта, түйіршіктерде немесе басқа қатты түрлерде, құрамында сүт майы 1,5 мас.%-дан асатын йогурттар, бірақ 27 мас.%-дан аспайды
10.	0403 20 590 0	хош иісті қоспалары бар немесе жемістер, жаңғақтар немесе какао қосылған йогурттар, ұнтақ, түйіршіктер немесе басқа қатты түрлер, құрамында сүт майы 27 мас.%-дан асады
11.	0403 20 710 0	дәмі-хош иісті қоспалары бар немесе құрамында сүт майы 3 мас.%-дан аспайтын жемістер, жаңғақтар немесе какао қосылған өзге де йогурттар

12.	0403 20 730 0	дәмі-хош иісті қоспалары бар немесе құрамында сүт майы 3 мас. %-дан асатын, бірақ 6 мас. %-дан аспайтын жемістер, жаңғақтар немесе какао қосылған өзге де йогурттар
13.	0403 20 790 0	дәмі-хош иісті қоспалары бар немесе құрамында 6 мас. %-дан астам сүт майы бар жемістер, жаңғақтар немесе какао қосылған йогурттар
14.	0403 20 900	дәмі-хош иісті қоспалары жоқ және жемістер, жаңғақтар немесе какао қосылмаған, қант немесе басқа да тәттілендіргіш заттар қосылмаған йогурт, өзгелері
15.	0406 10 500 2	май мөлшері 40 масс. % аспайтын сүзбе, өзгелері
16.	0406 10 800 0	майлылығы 40 масс. % және одан жоғары, сарысу-альбуминді ірімшіктерді қоса алғанда, өзге жас ірімшіктер (пісіп жетілмеген немесе жетілмеген)
17.	0406 30 390 0	өзге де балкытылған ірімшіктер, үгітілмеген немесе ұнтақ түрінде емес, құрамындағы май мөлшері 36 масс. % аспайтын, құрғақ заттағы май мөлшері 48 масс. % асатын
18.	0406 90 990 9	өзге ірімшіктер
19.	0407 21 000 0	құс жұмыртқасы, қабықтағы, балғын, үй тауықтары (<i>Gallus domesticus</i>)
20.	0409 00 000 0	табиғи бал
21.	0701 90 900 0	балғын немесе салқындатылған картоп, өзгелері
22.	0704 90 100 1	балғын немесе салқындатылған ақ қырыққабат
23.	0706 10 000 1	балғын немес салқындатылған сәбіз
24.	0802 32 000 0	қабығынан тазартылған, балғын немесе кептірілген грек жаңғақтары
25.	0808 10 800	алма, өзгелері
26.	0902 10 000 1	бастапқы қаптамада нетто массасы 3 кг-дан аспайтын, бір рет қолданылатын қаптамадағы көк (ферменттелмеген) шай
27.	1001 19 000 0	қатты бидай, өзгелері

28.	1001 99 000 0	бидай, өзгелері
29.	1101 00 150	жұмсақ бидайдан және спельтадан алынған бидай ұны
30.	1206 00 990 0	өзге күнбағыс тұқымдары, ұсатылған немесе ұсатылмаған, қабығы аршылғандардан басқа, себуге арналмаған
31.	1512 19 900 2	өзге күнбағыс майлары және оның фракциялары нетто-көлемі 10 литр немесе одан аз бастапқы қаптамада
32.	1517 90 910 0	сұйық, өзге де ұшпайтын өсімдік майлары, аралас
33.	1601 00 910 1	шұжықтар, құрғақ немесе паста тәрізді, шикі, еттен, ет қалдықтарынан немесе қаннан
34.	1601 00 990 1	еттен, ет қалдықтарынан немесе қаннан жасалған басқа ұқсас өнімдер
35.	1601 00 990 9	еттен, ет қалдықтарынан немесе қаннан жасалмаған басқа ұқсас өнімдер
36.	1806 31 000 0	құрамында какао бар, салмасы бар брикеттер, пластинкалар немесе плиткалар түріндегі өзге дайын тамақ өнімдері
37.	1901 10 000 0	бөлшек саудаға арнап оралған, сәби балаларға арналған дайын тамақ өнімдері
38.	1902 30 100 0	макарон өнімдері, өзге кептірілген
39.	1904 10 300 0	дәнді үрлеу немесе қуыру арқылы алынған күріштен дайындалған тамақ өнімдері
40.	2102 10 310 0	белсенді наубайхана ашытқысы, құрғақ
41.	2102 10 390 0	белсенді наубайхана ашытқысы, өзгелері
42.	2106 10 800 0	өзге ақуыз концентраттары және текстураланған ақуыздық заттар
43.	2207 10 000 0	спирт концентрациясы 80 көлемдік % немесе одан жоғары денатуратталмаған этил спирті
44.	2208 20 120 0	сыйымдылығы 2 литр немесе одан аз ыдыстарда жүзім шарабын дистилляциялау немесе жүзімді сығу нәтижесінде алынған спиртті тұнба, коньяк (Cognac)
		сыйымдылығы 2 литр немесе одан аз ыдыстардағы спирт

45.	2208 60 110 0	концентрациясы 45,4 көлемдік % немесе одан аз арақ
46.	2208 90 990 0	сыйымдылығы 2 литрден астам ыдыстардағы спирт концентрациясы 80 көлемдік %-дан аз денатуратталмаған этил спирті
47.	3105 20 100 0	құрғақ сусыз өнімдегі есептелген азоттың мөлшері 10 масс.% асатын азот, фосфор және калийдің үш қоректік элементін қамтитын минералдық немесе химиялық тыңайтқыштар
48.	3105 59 000 0	азот пен фосфордың екі қоректік элементін қамтитын басқа минералды немесе химиялық тыңайтқыштар
49.	3304 91 000 0	шағынды қоса алғанда, опа
50.	3304 99 000 0	күнге күйге қарсы немесе күнге күйге арналған құралдарды қоса алғанда, өзге косметикалық құралдар немесе макияжға арналған құралдар және тері күтіміне арналған құралдар (дәрілік заттардан басқа)
51.	3305 10 000 0	сусабындар
52.	3305 30 000 0	шашқа арналған лактар
53.	3305 90 000 9	шашқа арналған өзге құралдар
54.	3306 10 000 0	тіс тазалауға арналған құралдар
55.	3306 90 000 0	бөлшек саудаға арналған жеке қаптамадағы, тіс протездеріне арналған бекіткіш ұнтақтар мен пасталарды қоса алғанда, ауыз қуысы немесе тіс гигиенасына арналған өзге құралдар
56.	3307 10 000 0	қырынуға дейін, қырыну кезінде немесе қырынудан кейін қолданылатын құралдар
57.	3307 20 000 0	жеке пайдалануға арналған дезодоранттар мен антиперспиранттар
58.	3307 30 000 0	хош иістендірілген тұздар және ванна қабылдауға арналған өзге құрамдар
59.	3307 49 000 0	діни рәсімдерге арналған хош иістерді қоса алғанда, үй-жай ауасын хош иістендіруге немесе дезодорациялауға арналған өзге құралдар

60.	3401 11 000 1	құрамында дәрілік заттар бар сабынды қоса алғанда, хош иісті сабын
61.	3401 11 000 9	брускалар, кесектер немесе қалыпталған бұйымдар түріндегі өзге дәретханалық сыртқы-белсенді органикалық заттар мен құралдар және сабынмен немесе жуу құралымен сіңірілген немесе қапталған қағаз, мақта, киіз немесе фетр және тоқыма емес материалдар (құрамында дәрілік заттар барларды қоса алғанда)
62.	3401 20 900 0	өзге нысандардағы өзге сабын
63.	3401 30 000 0	құрамында сабын бар немесе жоқ, бөлшек саудаға арнап оралған сұйық немесе крем түрінде, теріні жууға арналған сыртқы-белсенді органикалық заттар мен құралдар
64.	3402 50 000 0	құрамында сабын бар немесе жоқ (3401 тауар позициясындағы құралдардан басқа), бөлшек саудаға арналған сыртқы-белсенді заттар, жуу құралдары (қосалқы жуу құралдарын қоса) және тазалау құралдары
65.	3820 00 000 0	дайын антифриздер және мұзға қарсы сұйықтықтар
66.	3907 91 100 0	сұйық, қанықпаған күрделі полиэфирлер
67.	3923 50 900 0	пластмассадан жасалған өзге тығындар, қақпақтар, қалпақшалар және басқа да тығындау құралдары
68.	3923 90 000 0	пластмассадан жасалған тауарларды тасымалдауға немесе қаптауға арналған бұйымдар; пластмассадан жасалған тығындар, қақпақтар, қалпақшалар және басқа да тығындау құралдары, өзге
69.	6302 10 000 1	мақта жіптен машинамен немесе қолмен тоқылған тоқыма төсек жаймалары
70.	6307 10 300 0	еден, ыдыс жууға, шаң сүртуге арналған шүберектер және тоқыма емес материалдар жасалған ұқсас сүртуге арналған материалдар
		шлак мақта, минералды силикатты мақта және ұқсас минералды

71.	6806 10 000 8	мақталар (олардың қоспаларын қоса алғанда), үйінді түрінде, парактарда немесе орамдарда: өзгелері
72.	7314 39 000 0	қиылысқан жерлері дәнекерленген қара металдардан жасалған өзге торлар, торкөздер және қоршаулар
73.	8205 51 009 0	қолмен жасалатын, тұрмыстық, өзге құралдар
74.	8210 00 000 0	тамақ немесе сусын дайындауға, өндеуге немесе ұсынуға арналған, салмағы 10 кг немесе одан аз қолмен жасалатын механикалық құрылғылар
75.	9404 90 800 0	төсек-орын жабдықтары және ұқсас жиһаз бұйымдары, өзге
76.	9405 11 003 3	қатты баспа тақшадағы жарық диодты жарық көздерімен пайдалануға арналған өзге материалдардан жасалған, тек жарық диодты (LED) жарық көздерімен пайдалануға арналған, төбеге немесе қабырғаға ілінетін люстралар және өзге электр жарықтандыру жабдықтары,
Раздел 2. Товары, не производимые на территории Республики Казахстан		
77.	0709 51 000 0	Agaricus тұқымдас саңырауқұлақтар, балғын немес салқындатылған
78.	0803 90 100 0	балғын, плантайндарды қоса алғанда, банандар
79.	0805 10 200 0	балғын, тәтті апельсиндер
80.	0805 21 000 0	балғын және кептірілген мандариндер (танжериндер мен сатсумды қоса алғанда)
81.	0810 70 000 0	балғын құрма
82.	0811 90 500 0	қант немесе басқа тәттілендіргіштер қосылмаған Vaccinium myrtillus (көкжидек) түріндегі өсімдіктердің басқа жемістері
83.	3303 00 100 0	әтір
84.	3303 00 900 0	иіс сулар
85.	3814 00 900 0	басқа жерде аталмаған немесе енгізілмеген күрделі органикалық еріткіштер мен сұйылтқыштар; бояуларды немесе лактарды кетіруге арналған дайын қоспалар, өзгелері

86.	6902 20 910 0	құрамында 7 масс.% астам кремний тастарының ұнынан немесе ұксас кремний жыныстарынан жасалған бұйымдардан басқа, құрамында 45 масс.% аз глиноземі (Al_2O_3) бар отқа төзімді кірпіштер, блоктар, плиткалар және ұксас отқа төзімді керамикалық құрылыс материалдары
87.	8208 10 000 0	металды өңдеуге арналған машиналарға немесе механикалық құрылғыларға арналған пышақтар мен кесетін жүздер
88.	8402 90 000 9	бу қазандарының немесе өзге бу өндіретін қазандардың (төмен қысымды бу өндіре алатын орталық жылытуға арналған су қазандарынан басқа) өзге бөлшектері; қатты қыздырылған су қазандарының бөлшектері
89.	8708 93 900 9	жинақталған күйінде сцепления және олардың бөлшектері, өзге

Ескертпе:

* Бағалардың ең төменгі деңгейін қолдану мақсаты үшін тауарлар тек Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Тауар номенклатурасының кодтарымен айқындалады. Тауарлардың атауы пайдаланудың қарапайымдылығы үшін берілген.

Аббревиатураларды ашып жазу:

мас.% – массалық пайыз;

кг. – килограмм;

л. – литр.